

Бижкенова А.Е.,  
Серікбай А.Т.



**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС  
ТІЛДЕРІНДЕГІ НЕМІС  
ТІЛІНЕН ЕНГЕН СӨЗДЕРДІҢ  
ҚЫСҚАША ЖИЫНТЫҒЫ**



**Бижкенова А.Е., Серікбай А.Т.**

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕГІ  
НЕМІС ТІЛІНЕН ЕНГЕН СӨЗДЕРДІҢ  
ҚЫСҚАША ЖИЫНТЫҒЫ**

**АСТАНА - 2026**

**ӘОЖ 80/81**  
**КБЖ 81.2**  
**Б 52**

**Бижкенова А.Е., Серікбай А.Т.**

**Б 52** Қазақ және орыс тілдеріндегі неміс тілінен енген сөздердің қысқаша жиынтығы. - Астана: «Булатов А.Ж.» ЖК, 2026. – 177 б.

**ISBN 978-601-391-045-1**

Неміс тілінен орыс және қазақ тіліне кірген сөздердің қысқаша жиынтығы неміс тілінің мұғалімдерін дайындайтын ЖОО оқу бағдарламасы бойынша оқитын студенттерге, сонымен қатар жалпы лингвистика, филология факультет студенттеріне арналады. Кірме сөздерін зерттеп жүрген магистранттар мен докторанттар да қолдана алады.

**ӘОЖ 80/81**  
**КБЖ 81.2**

**ISBN 978-601-391-045-1**

© Бижкенова А.Е., Серікбай А.Т., 2026

# МАЗМҰНДАМА

АЛҒАШҚЫ СӨЗ.....	4
КІРМЕ СӨЗДЕР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ.....	5
НЕМІС ТІЛІНЕН ОРЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУЫСҚАН СӨЗДЕДІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖИЫНТЫҒЫ .....	8
ӘСКЕРИ КІРМЕ СӨЗДЕР.....	8
ТЕХНИКАЛЫҚ АТАУЛАР.....	23
ТҰРМЫС ЖАЙЫНДАҒЫ СӨЗДЕР.....	72
ҒЫЛЫМИ ТЕРМИНДЕР.....	90
ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ САЛАСЫНДАҒЫ КІРМЕ СӨЗДЕР.....	121
ЭКОНОМИКА ТЕРМИНДЕРІ.....	146
ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ КІРМЕ СӨЗДЕР.....	154
ТАБИҒАТ БАҒЫТЫНДАҒЫ КІРМЕ СӨЗДЕР.....	173

## АЛҒАШҚЫ СӨЗ

### *Құрметті оқырмандар!*

Сіздерге алғаш рет жасалған қысқаша басылым - қазіргі орыс және қазақ тілдеріндегі неміс тілінен шыққан сөздерінің жинағы ұсынылып отыр. Барлық сөздер өзектілігі бар сөздіктерден таңдап алынған және неміс тіліндегі сөздерге негізделеді, олар әртүрлі кезеңдерде алынған кірме сөздер болып табылады. Кірме кезеңін нақтылау зерттеудің мақсатына кірмеді, бірақ әр сөздік бірлігіне қабылдаушы тілдерде қолданылу контексттері жинастырылып көрсетілген.

Контексттерді таңдау үшін ашық қолжетімділікте орналасқан орыс және қазақ тілдерінің ұлттық корпус материалдары пайдаланылды.

Жинаққа жалпы есепте 465 неміс тілінен енген сөздер кіргізілді. Олар сөздікте тақырыптық түрде жинақталып берілген және әріп тәртібімен орналастырылған. Сөздік жалпы 8 тақырыптық саланы қамтиды, оның ішінде, мысалы, «ӘСКЕРИ КІРМЕ СӨЗДЕР», «ТЕХНИКАЛЫҚ АТАУЛАР», «ҒЫЛЫМИ ТЕРМИНДЕР» және тағы басқа бағыттырда неміс кірме сөздері жүйеленген.

Әрбір сөз бірлігі қалың қаріппен белгіленген, неміс тіліндегі түпнұсқа негізге сілтеме жасалған, мағынасы түсіндірілген және орыс және қазақ тілдерінде қолдану контексттері берілген.

Жинақ орта және жоғары оқу орындарының әртүрлі деңгейдегі оқушылары үшін сабақ кезінде пайдалануға ыңғайлы, сондай-ақ тілдердегі лексика мен кірме сөздерді теориялық және практикалық талдау үшін де қолайлы.

Сөздікте жалпы мәндегі және арнайы терминологияға қатысты көптеген сөздер келтірілген, бұл тілдік қатынастардың ауқымдылығын және қабылдаушы тілге шетел элементтерінің енуі мен сіңірілуін зерттеудің маңыздылығын көрсетеді.

Бұл материал Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-де неміс тілі мұғалімдерін даярлау оқу бағдарламасы бойынша бітіру жобасына тәжірибелі қосымша ретінде жиналып, ғылыми кеңес арқылы жүйелендірілген. Осы материал негізінде жазылған мақалалар бірнеше халықаралық ғылыми конференциялар мен байқауларда апробациядан өткен.

## КІРМЕ СӨЗДЕР ТУРАЛЫ ҚЫСҚАША МӘЛІМЕТ

Кірме сөздер барлық тілге ортақ әмбебап құбылыс. Тілдер арасында лексика алмастырудың алғышарты – номинативтік қажеттілік. Технологиялық өрлеу мен жаңа әлеуметтік реалиялардың пайда болуы оларды атау қажеттілігін тудырады. Мұндай жағдайда тіл екі балама жолды таңдай алады: біріншісі – өзінің ішкі ресурстарын пайдалану, екіншісі – басқа тілден дайын атаулық бірлікті қабылдау. Көбіне екінші жол коммуникативтік тұрғыдан тиімдірек саналады. Кірме элементтер тілге мәжбүрлі түрде таңылмайды, керісінше, сол тілдегі атаулық тапшылықты толтыру мақсатында табиғи жолмен келіп орнығады.

Кірме лексика тілге бірден дайын, қалыптасқан күйінде келіп енбейді. Бастапқы сатыда, яғни тілге ену кезеңінде, сөз өзі шыққан тілмен әлі де өте тығыз байланыста сақталады. Бұл жағдай, әдетте, оның тек шектеулі контексттерде ғана жұмсалыуынан, мағыналық өрісінің тарлығынан және туынды лексикалық бірліктердің аздығынан көрінеді. Сонымен қатар, қабылдаушы тілге жаңадан енген мұндай элементтерде семантикалық және сөзжасамдық тұрақсыздық айқын байқалады.

Қазақ және орыс тілдерінің сөздік қоры кірме сөздер есебінен кеңейсе де, бұл үдеріс екі тілде де бір-бірінен өзгеше өркениеттік бағыттарға сәйкес жүзеге асқан. Дегенмен, тілдердің эволюциясында белгілі бір ортақ заңдылықтардың да орын алатынын байқауға болады. Кірме лексиканың пайда болуы ешқашан кездейсоқ болмайды – ол әрдайым нақты әлеуметтік, экономикалық, мәдени және саяси өзгерістермен себептес.

Салыстырмалы талдау жасағанда мынандай заңдылық байқалады: орыс тілі еуропалық тілдермен тікелей байланыс орнатып, кірме лексиканы алғашқы қабылдаушы әрі бейімдеуші тіл рөлін атқарса, қазақ тілі бұл сөздерді негізінен орыс тілі арқылы, яғни аралық үлгіде игерген. Бұл құбылысты екі сатылы бейімделу механизмі деп атауға болады. Басқаша айтқанда, сөз алдымен орыс тілінің нормаларына сай икемделеді, содан кейін ғана қазақ тілінде қолданысқа түседі. Дәл осы жағдай қазақ тіліндегі еуропалық кірме қабаттың өзіндік ерекшелігін айқындайды. Г. Қоңырбаеваның пікірінше, «қазақ тілінің лексикалық қоры екі арна арқылы толығады: 1) қазақ тілінің төл сөздерін өз ішкі мүмкіндіктеріне байланысты қолдану; 2) орыс тілінен енген сөздер арқылы»<sup>1</sup>.

<sup>1</sup> Қоңырбаева Г. ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ КІРМЕ СӨЗДЕР // Вестник Жетысуского университета имени И. Жансугурова. – 2024. – № 2 (111). – Б. 88–96.

Кірме лексиканың тарихи қозғалысын талдағанда барлық донор-тілдердің бірдей дәрежеде ықпал етпегені анық байқалады. Кейбір тілдер белгілі бір тарихи кезеңдерде жоғары беделге ие болып, терминологиялық жүйелердің қалыптасуында шешуші рөл атқарған. Бұл ретте неміс тілінің орны ерекше. XVIII-XIX ғасырларда Германия еуропалық ғылыми ой мен философиялық мектептердің шоғырланған орталығы ретінде танылды. Аталған фактор неміс тілінің халықаралық академиялық коммуникация құралы ретіндегі мәртебесін бекітті. Осының нәтижесінде неміс тілінен бастау алған лексикалық бірліктер алдымен орыс тіліне, одан кейін қазақ тіліне еніп, екі тілдің де лексикалық құрамында тұрақты орын алды.

Орыс тілі Еуропамен белсенді байланыс орнатқан дәуірде неміс университеттері мен ғылыми мектептерінің айтарлықтай ықпалында болды. Ғылыми терминология, өндірістік-техникалық салалар, институционалдық басқару және әскери иерархия негізінен осы лингвистикалық байланыс аясында қалыптасты. Бұл үдерісте неміс атаулары орыс тілінің заңдылықтарына бейімделіп, кейіннен дайын үлгі ретінде қазақ тіліне ауысты. Осыған байланысты қазақ тіліндегі көптеген еуропалық терминдердің түпкі этимологиясы неміс тілімен байланысты болғанымен, олардың енуі көбіне орыс тілінің делдалдық қызметінің арқасында жүзеге асты.

Неміс тілінен енген лексика тек ғылыми терминдермен шектелмейді. Бұл кірмелер әскери іс, тұрмыстық ая, өндірістік сала және тағы басқа көптеген бағыттарда кездеседі. Неміс тілінің ықпалын объективті бағалау үшін оны тілдің «бөгде қабаты» ретінде емес, белгілі бір тарихи кезеңдерде қалыптасқан мәдени-ғылыми байланыстардың табиғи нәтижесі ретінде қарастыру қажет.

Қазақ тіліне келер болсақ, неміс тілінен енген сөздер тікелей тілдік контакт арқылы емес, көбіне құрылымдық делдалдық модель негізінде енген. Тарихи тұрғыдан қазақ қоғамы неміс тілдік кеңістігімен тікелей байланыста болмаса да, орыс тіліндегі әкімшілік, әскери және білім беру жүйелерімен тұрақты қарым-қатынаста болды. Сөйтіп, неміс тілінен шыққан көптеген терминдер қазақ тіліне орыс тілінде бейімделген нұсқасы арқылы еніп отырды. Бұл құбылыс – көпсатылы лексикалық қарыз алудың айқын үлгісі. Тілдік ықпалдың тағы бір маңызды арнасы – Қазақстан аумағында неміс диаспорасының қалыптасуы. Бұл фактор тікелей тілдік байланыстан бұрын әлеуметтік-демографиялық жағдайлармен түсіндіріледі.

Неміс тілінен енген кірме сөздердің орыс және қазақ тілдерінде орнығуы тек «сөзді қабылдау» әрекетімен шектелмейді. Кірме бірліктер қабылдаушы тілдің ішкі заңдылықтарына сәйкес графикалық, фонетикалық және грамматикалық тұрғыдан өзгеріске ұшырап, тілдік жүйеге кезең-кезеңімен

енеді. Сондықтан бейімделу үдерісі көпқырлы әрі кешенді механизм ретінде қарастырылады.

Графикалық бейімделумен қатар жүретін маңызды бағыттың бірі – фонетикалық бейімделу. Фонетикалық бейімделу барысында кірме сөздің дыбысталуы қабылдаушы тілдің фонетикалық жүйесіне икемделеді. Неміс тіліндегі кейбір дыбыстық тіркестер мен артикуляциялық ерекшеліктер орыс және қазақ тілдерінде дәлме-дәл берілмейтіндіктен, жуық айтылым қалыптасады. Е. А. Тинякова<sup>2</sup> көрсеткендей, мысалы, неміс тіліндегі [œ] дифтонгі көбіне [ей], [ao] – [ав], [ae] – [ай], [ей], [и], [a] арқылы беріледі. Мысалы, das Feuerwerk – фейерверк, das Freulein – фрейлина, das Automobil – автомобиль.

Лексикалық бейімделу кірме сөздің мағынасы мен қолданысының қабылдаушы тілдің тілдік және мәдени кеңістігіне сәйкес қалыптасуын білдіреді. Бұл кезеңде сөз тек формалық тұрғыдан емес, семантикалық жағынан да өзгеріске ұшырап, жаңа мағыналық реңктерге ие болуы мүмкін. Лексикалық бейімделудің негізгі белгісі – кірме бірліктің жаңа тілдік ортада дербес мағыналық даму жолына түсуі. Неміс тілінен орыс тіліне енген кейбір сөздер бастапқы мағынасын сақтай отырып, кейін жаңа семантикалық мазмұнға ие болған. Мысалы, неміс тіліндегі Glück (бақыт, сәттілік) сөзі орыс тілінде глук түрінде «галлюцинация» деген слэнгтік мағына алған.

Неміс тілінің das Butterbrot сөзінің мағынасы тек май жағылған нан болғанымен, орыс және қазақ тілдерінде бутерброд сөзі нанға тек май емес, ірімшік, шұжық, көкөністер тілімдерін қосуды білдіреді.

Кірме сөздердің тілдік жүйеде орнығу деңгейі олардың қолданыс аясына байланысты анықталады. Осыған сәйкес олар толық игерілген және толық емес игерілген бірліктерге бөлінеді. Толық игерілген кірме сөздер жалпы қолданысқа еніп, бейтарап сипат алады және тілдің белсенді сөздік қорын құрайды. Ал толық емес игерілген бірліктер белгілі бір кәсіби немесе әлеуметтік ортада ғана қолданылып, функционалдық тұрғыдан шектеулі болады. Оларға кәсіби терминдер, жаргон элементтері және экзотизмдер жатады<sup>3</sup>.

Неміс тілін оқыту процесінде неміс тілінен енген кірме сөздерді тиімді пайдалану үшін ең алдымен оларды жүйелеу қажеттілігі туындайды. Сондықтан оларды оқыту мақсатында қолдану үшін алдымен ғылыми негізде жинақтап, белгілі бір жүйеге келтіру қажет. Бұндай сөздер қоры неміс тілін үйренуге және оқушыларға неміс, орыс пен қазақ тілдерінің лексикасын салыстыру қабылеттерін қылыптастыруға мүлдем пайдалы болып танылады.

<sup>2</sup> Тинякова Е. А. ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ БАЗА ДВУСТОРОННИХ ОТНОШЕНИЙ РОССИИ И ГЕРМАНИИ (немецкие заимствования в русском языке) // <https://science-philology.ru/ru/article/view?id=4>

<sup>3</sup> Богословская В.Р.; Косырева М.С.; Мурашко С.Ф. Типология иноязычных заимствований в профессиональной лексике: психолого-акмеологический анализ // Акмеология. – 2016. – № 1 (57). – Б. 186–189.

## Неміс тілінен орыс және қазақ тіліне ауысқан сөздердің тақырыптық жиынтығы

### ӘСКЕРИ КІРМЕ СӨЗДЕР

Кірме сөз	Түпнұсқа	Түсіндірме	Орыс тілінде қолданылуы	Қазақ тілінде қолданылуы
Абвер	die Abwehr	1919-44 жылдардағы Германияның әскери барлау және қарсы барлау органы / военная разведка и контрразведка Германии в 1919-44 годы.	Левка застрелил интенданта союзных войск, ходил под трибуналом, грозила вышка, но потом выяснилось, что интендант — темная личность, связан с <b>абвером</b> , и Левке хотели дать орден, однако не дали. [Юрий Трифонов. Дом на набережной (1976)]	Ұлы Отан соғысы кезінде Смерш органында қызмет еткен бес жүзге жуық қазақстандық бар. Олардың біразы соғыстан кейінгі жылдары КСРО МҚК-ға келді, кейіннен Қазақстанның ҰҚК органдарында қызмет етті. Солардың бірі – Қызыл армия офицері болып жүрген немістердің жасырын жіберген жансызы, «Абвер» агенті Романов деген сатқын да ұстаған Дабыл Қуанышбаев. [Қайыржан Төрежан Қарсы барлау қырандар]
Аксельбант	das Achselband	Офицерлердің мундирінің иығына тағылатын сәндік баулар /	Из автобусов во дворе вылезают солдаты в трениках и быстро-быстро	Ең алдында келе жатқан шалқак төсті, биік бойлы қасқабас төре.

		декоративные плетёные шнуры, которые носят офицеры на плечах мундира.	облачаются в парадную форму с <b>аксельбантами</b> , касками, пестрыми значками и конскими хвостами. [Алексей Тарханов, Алексей Асланянц, Дмитрий Бегляров. Париж (2015)]	Ол келбетті адам. Дөңгелек жирен сақалы бар. Екі иығын жаңа эполет басқан, төсінде оқалы <b>аксельбант</b> . [Мұхтар Әуезов <i>Ақын аға</i> ]
<b>Блокгауз</b>	<b>das Blockhaus</b>	Пулемет пен артиллериядан жан-жақты (шеңберлі) оқ атуға бейімделген бетоннан, болаттан, ағаштан және т.б. материалдардан жасалған қорғаныс құрылысы / оборонительное сооружение из бетона, стали, дерева и др., приспособленное для ведения кругового пулеметного и артиллерийского огня.	Но вот уже за окном потянулись, выхваченные из темноты путевыми огнями, долгие стены каких-то построек, складов, <b>блокгаузов</b> и мастерских. [А.А. Уткин. Крепость сомнения (2010)]	Сарбаздар жау оғынан қорғану үшін орман шетіне берік <b>блокгауз</b> тұрғызды.
<b>Бомбардир</b>	<b>der Bombardier</b>	18–19 ғасырларда – мортирлерде, гаубицаларда және «бірмүйіздерде» қызмет еткен артиллерияның қатардағы	Он стал лучшим <b>бомбардиром</b> проходившего летом чемпионата мира и помог Бразилии <b>выиграть</b>	Сондай-ақ жаңадан қолданысқа ене бастаған ажиотаж – дүрлігіс, акватория – суайдын, беседа –

		жауынгері / в 18–19 вв. – рядовой артиллерии, служивший при мортирах, гаубицах и единорогах.	золото. [Денис Быстров. Роналдо продолжает собирать титулы // «Известия», 2002.12.17]	сұхбатхана, <b>бомбардир</b> – сұрмерген, бухта – айлақ, гонщик – шабандоз, дебют – ойынбасы, парашют – желкерме, пьедестал – мәретұғыр, клюшка – сырғытпатаяқ, бита – соққытаяқ, фанат – әсірежанкүйер, тонус – межекуат, экскурсия – топсеруен, ядро – шарболат және т.б. сөздер берілді. [Нұрлан Шүленбаев Салалық терминдерді аудару мен біріздендіру]
<b>Брандер</b>	<b>der Brander</b>	Қарсыластың кемелерін өртеу немесе жару үшін жарылғыш және тез тұтанатын заттармен толтырылған, өздігінен жүретін немесе ағыспен жіберілетін ескі әскери кеме / старинное военное судно, нагруженное взрывчатыми и	Русские вместо <b>брандер</b> запускали паровые катера с шестовыми минами, их заводили под корму или еще куда. [Даниил Гранин. Зубр (1987)]	Түн жамылып жау флотына қарай бағытталған <b>брандер</b> қарсыластың жетекші кемесіне соғылып, үлкен өрт тудырды.

		горючими веществами, которое поджигали и пускали по ветру или течению в сторону вражеского флота с целью его уничтожения.		
<b>Бруствер</b>	<b>die Brustwehr</b>	Окоптың немесе траншеяның алдында орналасқан, жауынгерлерді қарсыластың оғынан қорғау, қарсыластың бақылауынан жасырыну және атыс қаруынан ыңғайлы ату үшін арналған үйінді / насыпь впереди окопа или траншеи для защиты бойцов от неприятельского огня, для укрытия от наблюдения противника и удобства стрельбы из стрелкового оружия.	Однако уже <b>бруствер</b> , и цепкие пальцы милиции вцепились в ворот, арестовали, не дали ускользнуть. [Фридрих Горенштейн. Куча (1982) // «Октябрь», 1996]	Сарбаздар қарсыластың пулемет оғынан қорғану үшін <b>бруствердің</b> тасасына тығылып, қаруларын ыңғайлады.
<b>Бундесвер</b>	<b>die Bundeswehr</b>	Германия федеративтік республикасының қарулы күштері / вооруженные силы федеративной республики германии.	Помните, как в 90-е в Москве раздавали солдатские пайки <b>бундесвера</b> ? [Игорь Свиначенко. Олимпийская	Оқу-жаттығу жиыны кезінде <b>Бундесвер</b> сарбаздары заманауи әскери техниканы қолдану шеберлігін көрсетті.

			интрига (14.12.2017) // «Сноб», 2017]	
<b>Вахмистр</b>	<b>der Wachtmeister</b>	Кавалериядағы әскери шен; жаяу әскердегі фельдфебельге сәйкес келеді/ военный чин в кавалерии, соответствовавший фельдфебелю в пехоте.	Хлопотун он и жила страшный, а хозяин плохой: взял к себе в управители отставного <b>вахмистра</b> , малоросса, необыкновенно глупого человека. [И. С. Тургенев. Два помещика (1847)]	Үстіндегі мундирін жүре түймелеген <b>вахмистр</b> Воронкин ырғала басып келе жатыр еді, көзі шалып қалған әншілер орындарынан атып-атып тұрды. [Сакен <b>Жүнісов Ақан сері</b> ]
<b>Вермахт</b>	<b>die Wehrmacht</b>	фашистік германияның қарулы күштері (1935–1945); салыстырыңыз: бундесвер, рейхсвер / вооруженные силы фашистской германии (1935–1945); ср. бундесвер, рейхсвер	Тебе в уши чуть не с рождения дуют: цвет нации, цвет нации, а потом война — из <b>вермахта</b> посылки так себе, а из СС — вся семья не только прокормиться может, но и полакомиться. [Михаил Карпов. Список Визенталя // «Совершенно секретно», 2003.05.05]	Дүниежүзілік соғыс алдында, фашистік үгіт-насихат жағдайында бұндай ойлар мүдделі жақ тарапынан бірден қолдауға ие болып, <b>вермахт</b> идеясы үшін «жұмыс жасауы» мүмкін еді. [Алтаев Ж., Мұқанова Г. <i>Әл-Фараби және Шоқай</i> ]
<b>Гаулейтер</b>	<b>der Gauleiter</b>	Нацистік Германияда аймақтық партия ұйымының басшысы әрі сол аймақтың жетекшісі / в гитлеровской германии - руководитель	Но <b>гаулейтер</b> особого барака не убил майора Ершова, а подвел его к нам, в углу у окна. [Василий Гроссман. Жизнь и судьба, ч. 1 (1960)]	Басып алынған аймаққа тағайындалған жаңа <b>гаулейтер</b> жергілікті халыққа қарсы қатаң шектеулер мен жазалау шараларын енгізді.

		фашистской организации области и самой области.		
<b>Гауптвахта</b>	<b>die Hauptwache</b>	Қарауыл үйі немесе әскери қызметкерлердің уақытша қамауда ұстайтын арнайы орын / специальное помещение для содержания военнослужащих под арестом.	Сепленными в общем-то делать нечего: молодых отпустят, матерых месяца два-три подержат на <i>гауптвахте</i> , как в тюрьме, ну а если побегут — их не без удовольствия постреляют... война! [Владимир Маканин. Кавказский пленный (1995)]	Әкімшілік қамаққа алу жазасын өтеуден жалтарудың салдары <b>гауптвахталар</b> да әкімшілік қамаққа алу жазасын өтеп жатқан ҚР Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілеріне қатысты туындайды. [Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне түсініктеме (баптар бойынша)]
<b>Гестапо</b>	<b>die Gestapo</b>	Фашистік Германиядағы құпия мемлекеттік полиция; нацистік режимнің негізгі жазалау органдарының бірі / тайная государственная полиция в фашистской германии; одно из главных террористических учреждений	Реальный же шеф <b>гестапо</b> был 170 см роста, коренастого телосложения с черными глазами и такими же черными волосами и к тому же имел квадратообразное лицо. [Форум: 17 мгновений весны (2005-2010)]	Жау қолына түсіп қалған барлаушы баланы <b>гестапо</b> әбден қинайды. [Қуандық Түменбаев Тұтқын]

		германского фашизма.		
<b>Диктат</b>	<b>das Diktat</b>	Күшпен таңылған халықаралық келісім / навязанный международный договор.	Причиной протестной активности становилось и нежелание рабочих мириться с административным <b>диктатом</b> со стороны определенной части директорского корпуса. [Александр Кацва. Россия 1990-х: Протестное движение // «Отечественные записки», 2003]	Шағын мемлекет халықаралық келіссөздер кезінде алпауыт елдердің тарапынан жасалған <b>диктатқа</b> бағынудан бас тартты.
<b>Драбанты / трабанттар</b>	<b>die Trabanten</b>	Орта ғасырлар мен жаңа замандағы монархтарды немесе қолбасшыларды қорғайтын сарбаздар / телохранители монархов или полководцев в Средние века и Новое время;	Он, конечно, был отважен в боях и много раз лично водил своих <b>драбантов</b> в атаку, но едва ли он когда-нибудь всерьёз сомневался. [Сергей Ястребов. Лунная соната (2007)]	Салтанатты шеру кезінде император күймесінің айналасында айбалтамен қаруланған <b>трабанттар</b> жүріп отырды.
<b>Егерь</b>	<b>der Jäger</b>	Аңшылық шаруашылығының, қорықтың қауіпсіздігін қадағалайтын, жануарлар әлемін қорғайтын және аң аулау ережелерінің сақталуын	Но богатство и разнообразие природы, радушие и мастерство <b>егерей</b> делают охотничьи туры у нас не менее привлекательными, чем поездки в экзотические	«Егер киікті басқа өңірлерге айдап тастауға, көшіруге мүмкіндік болмаса (ал ол болмайтын нәрсе, себебі Қазақстандағы киіктің мекені – Бетпақдала,

		тексеретін маман / штатный работник охотничьего хозяйства, заповедника, ведающий охраной животных и контролирующ ий соблюдение правил охоты.	далекие страны. [Охотничьи путешествия:Россия и весь мир с компанией «Сафари и экспедиции»! // «Туризм и образование», 2000.06.15]	Үстірт және БҚО-ның оңтүстік аудандары), онда арнайы резерват құрып, заңмен жерін, мәртебесін белгілесін, дұрыс жалақы тағайындасын, біз онда мал бағуды қойып, сол жерде ресми қорықшы, <b>егерь</b> боп жұмыс істейік», – деді олар. [Тоқтар <b>Ғабдірешұлы Киік жайылымды құртып, шабындықты шаң қылды]</b>
<b>Зарин</b>	<b>das Sarin</b>	Жүйке жүйесін зақымдайтын, түсі мен иісі жоқ, өте улы химиялық зат (соғыс газы) / бесцветное и без запаха чрезвычайно токсичное химическое вещество нервно-паралитического действия (боевой отравляющий газ).	Распыление <b>зарина</b> в токийской подземке убило 12 человек, около тысячи значительно пострадало (многие необратимо потеряли зрение). [Аркадий Курамшин. Элементы. Замечательный сон профессора Менделеева (2019)]	Ол Балисан, Карадаг, Яхсомер, Халабдж атты күрдтердің елді мекендерін аса улы иприт, <b>зарин</b> , табун, VX газдарын қолдану арқылы бомбылатып, жаппай қырды. [Сейілбек <b>Мұсатаев Антиамериканизм: аңыз бен ақиқат // <a href="http://www.akikat.kazgazeta.kz">www.akikat.kazgazeta.kz</a>, 11.02.2019]</b>

<p><b>Зоман</b></p>	<p><b>das Soman</b></p>	<p>Жүйке жүйесін зақымдайтын, жеміс иісіне ұқсас хош иісі бар, өте улы екінші буынды химиялық зат / чрезвычайно токсичное химическое вещество нервно-паралитическог о действия второго поколения с фруктовым запахом.</p>	<p>Зарин, <b>зоман</b>, табун, и другие газы относятся к группе боевых отравляющих веществ нервно-паралитическог о действия. [Как мало мы о них знаем // «Знание - сила», 2008]</p>	<p>Халықаралық конвенцияға сәйкес, әскери қоймаларда сақталған <b>зоман</b> сияқты қауіпті химиялық қаруларды жою процесі басталды.</p>
<p><b>Квартир-мейстер</b></p>	<p><b>der Quartiermeister</b></p>	<p>Әскерді орналастыру, азық-түлік және шаруашылықпен қамтамасыз ету ісін басқаратын лауазымды тұлға (офицер) / должностное лицо в армии (или на флоте), ведающее расквартирован ием войск, снабжением и хозяйственной частью.</p>	<p>Его надо разжаловать в <b>квартирмейстеры</b> или даже фуражиры. [М. Б. Бару. Принцип неопределеннос ти // «Волга», 2015]</p>	<p>Полк <b>квартирмейстері</b> жаңа бекініске келген сарбаздарды жылы казармаларға орналастырып, азық-түлік үлесін таратуды ұйымдастырды.</p>
<p><b>Квартирьер</b></p>	<p><b>der Quartierherr</b></p>	<p>Әскер не экспедиция жетпес бұрын, олар орналасатын орынды дайындауға алдын ала жіберілетін адам / военно-служащий, высылаемый вперед для подготовки</p>	<p>Мы не просим школьных <b>квартирьеров</b> оборудовать наш костер. [Концепция отделения (2003)]</p>	<p>Әскери бөлімше ауылға жетпес бұрын, <b>квартирьерлер</b> сарбаздар жататын үйлерді белгілеп үлгерді.</p>

		мест размещения войск или экспедиции.		
<b>Кирасір</b>	<b>der Kürassier</b>	Ауыр кавалерия жауынгері; кираса деп аталатын сауыт киген / западноевропейских и русской армиях-тяжелая кавалерия, носившая кирас.	Офицеры различных полков толкались тут же; необыкновенно длинный <b>кирасир</b> , немецкого происхождения, хладнокровно спрашивал у хромого барышника: сколько он желает получить за сию рыжую лошадь? [И.С. Тургенев. Лебедянь 1848)]	Ұрыс даласында болат сауыттары күн көзіне шағылысқан француз <b>кирасирлері</b> шешуші сәтте қарсыластың қорғаныс шебін бұзып өтті.
<b>Китель</b>	<b>der Kittel</b>	Әскери киім түрі / военная форма.	В то же время этот человек ничего не знает о пропаже парадного <b>кителя</b> академика с орденами... [Гибель академика // «Криминальная хроника», 2003.07.08]	Почта бастық Нұркенге ұқсап, басына қақырайған ақ картүз, үстіне шақырайған ақ <b>китель</b> , ақ шалбар киер еді. [Кекілбаев <i>Ә.Автомобиль</i> // <a href="http://www.adebiportal.kz">www.adebiportal.kz</a> , 09.11.2018]
<b>Офицер</b>	<b>der Offizier</b>	Қарулы күштердегі командалық құрам өкілі / лицо командного состава вооружённых сил.	Но вскоре мужчина обнаружил, что заблудился и притормозил у патрульной машины, в которую как раз садились два <b>офицера</b> полиции, чтобы	Менің папам <b>офицер</b> емес, командир, – деді Шурик ұнатпай. [Көп томдық шығармалар жинағы / Тахауи АХТАНОВ.– Алматы:

			спросить дорогу. [Виновник ДТП спросил у полиции , как скрыться // РИА «Новости», 2004.09.10]	«Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, Mereke baspasy, 2013.– ISBN 978-601- 7370-29-9 Т.І: Боран: роман; эссе – 384 б.]
<b>Панцирь</b>	<b>der Panzer</b>	Жауынгерді қорғауға арналған сауыт немесе қатты қорғаныш қабық / специальное оборонительное металлическое снаряжение для защиты туловища воина	Правда вот прятаться в <b>панцирь</b> перед торможением о стены и мебель она научится не сразу... [Запись LiveJournal (2004)]	Мұражай экспонаттарын ың арасынан орта ғасырлық серілердің ауыр темір <b>панцирь- лері</b> мен ежелгі жауынгерлердің бітеу құйылған дулығалары ерекше көз тартады.
<b>Патронташ</b>	<b>die Patrontasche</b>	Оқ-дәріні немесе патрондарды тасымалдауға арналған арнайы ұяшықтары бар белдік (сөмке) / снаряжение в виде ремня или сумки с отдель- ными ячейками для ношения патронов.	Над кроватью тоже висел тяжелый ковер, на ковре — ружье с <b>патронташем</b> и ножом в красивом кожаном чехле. [Виктор Астафьев. Пролетный гусь (2000)]	Тәжірибелі аңшы таң ата орманға шықпас бұрын бытыралы оқтармен толтырылған ауыр былғары <b>патронташын</b> белдігіне мықтап бекітіп алды.
<b>Петарда</b>	<b>die Petarde</b>	Бұрын көпірлер мен қақпаларды жару үшін қолданылған жарылғыш құрылғы / старинный разрывной снаряд(металли- ческий сосуд, наполненный порохом), применявшийся для взрыва мостов.	Стас Вовк: Неплохо также наградить беглеца <b>петардой</b> в картошке. [Форум: Горный двухподвесоч- ный (2010)]	Бүгінгі Қытайдағы мерекелер кезінде, аспанға атылған <b>петардалар</b> ұшқыны мен түтініне, шуына ілесіп.... [Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк- пресс, 2004. – 486 б.]

<p><b>Плац</b></p>	<p><b>der Platz</b></p>	<p>Әскери шерулер, саптық дайындық және жаттығулар өткізуге арналған кең алаң / просторная площадь на территории воинской части для военных парадов, строевой подготовки и занятий.</p>	<p>Рано утром на <b>плацу</b> капитан Чудновский высказался следующим образом: [Сергей Довлатов. Солдаты на Невском (1965)]</p>	<p>Әскери бөлімнің кең <b>плацында</b> жаңадан келген сарбаздар саптық жүріс әдістерін таңсәріден кешке дейін мұқият жаттықтырды.</p>
<p><b>Путч</b></p>	<p><b>der Putsch</b></p>	<p>Билікті басып алу мақсатында жасалған бүлік, мемлекеттік төңкеріс әрекеті / государственный переворот или попытка переворота, совершенная небольшой группой заговорщиков.</p>	<p>Все тот же «бюргерский быт», о котором Григорий Горин некогда сказал: «В России происходит <b>путч</b>, а в Цюрихе все это смотрят по телевизору — и в девять часов ложатся спать...» [angels_chinese. Запись LiveJournal (2004)]</p>	<p>Мемлекеттік <b>путч</b> кезінде көтерілісшілер басты телеарна ғимараты мен үкімет үйін өз бақылауына алуға тырысты.</p>
<p><b>Шанец</b></p>	<p><b>die Schanze</b></p>	<p>Әскери бекініс жасауға, ор қазуға арналған ақпа (инженерлік) құралдары немесе окоп, траншея тәрізді қорғаныс орны / военное инженерное укрепление (окоп, редут), а также инструмент для земляных работ (шанцевый инструмент).</p>	<p>Надписи, начертанные на плите предположительно из темного базальта, были обнаружены в 1799 инженером Пьер-Франсуа Бушаром, который во время египетской кампании Наполеона Бонапарта</p>	<p>Сарбаздар жаудың тұтқиылдан жасайтын шабуылынан қорғану үшін алдыңғы шептегі <b>шанецты</b> барынша тереңдетіп қазуға кірісті.</p>

			копал <b>шанцы</b> у города Розетта. [Т. Акимова. Британский музей (2011)]	
<b>Штаб</b>	<b>der Stab</b>	Әскерді, флоты немесе ірі мекемелерді басқаратын негізгі орган, басқару орталығы / орган военного управления, возглавляющий руководство войсками, а также руководящий центр какой-либо организации.	Тогда за то, что с земли, почти с территории <b>штаба</b> группировки в Ханкале, боевики сбили набитый битком людьми Ми-26, крайним назначили командующего армейской авиации. [Александр Гамаюн. Северокавказский приговор // «Завтра», 2003.08.06]	Осыған байланысты, бейсенбіде Бас <b>штаб</b> үкімет басшысына отставкаға кету туралы талап жариялады. Пашина бұл мәлімдеме елдегі әскери төңкеріс әрекеті деп жауап беріп, жақтастарын Ереванның орталығындағы Республика алаңына келуге шақырды. [Жадыра Шамұратова <i>Армениядағы саяси дағдарыс, 2021ж.</i> ]
<b>Штандарт</b>	<b>die Standarte</b>	Мемлекет басшыларының, монархтардың немесе әскери бөлімдердің рәмізі ретінде қолданылатын арнайы ту, байрақ / особое знамя, флаг главы государства, монарха или некоторых воинских формирований.	Взмахнув ею, как <b>штандартом</b> , она вылетела в окно. [М.А. Булгаков. Мастер и Маргарита, часть 2 (1929-1940)]	Мысалы, Алқаби, төл-теңге, самұрық, бәйтерек, байрақ ( <b>штандарт</b> ), бәйге, шаңырақ, тұлпар, қуырдақ, бесік, пырақ, қыран, тоғызқұмалақ, арба, көкпар, қымыз, шұбат, құрт, қазы, қарта, көже, ою, текемет, тұскиіз, т.б. [Нұрлан Шүленбаев

				<i>Елтанымдық атаулар елдік-ті белгісі // «Ана тілі», 12.08.2020]</i>
<b>Штурм</b>	<b>der Sturm</b>	Бекіністі, қаланы немесе маңызды нысанды батыл әрі шешуші соққымен басып алу шабуылы / решительная и внезапная атака на укрепленный объект, крепость или город с целью их захвата.	.... <b>штурм</b> Бастилии — апофеоз революционных событий начала Великой Французской революции? Интеллектуальны е игры «З-С»: Привычные заблуждения // «Знание -- сила», 2003]	Бізді Берлинге шабуыл жасауға дайындады. Бұл шабуылды «Генеральный <b>штурм</b> » деп атады. [Әкімбек қажы Қабденұлы <i>Отан үшін от кешкен // «Қостанай таңы», 08.07.2021</i>
<b>Цейхгауз</b>	<b>das Zeughaus</b>	Әскери киім-кешек, қару-жарақ пен жабдықтарды сақтауға арналған әскери қойма / военный склад для хранения оружия, обмундирования и снаряжения.	Больничный сторож, колченогий солдат инвалидной команды, поковылял в <b>цейхгауз</b> , притащил сюртук и прочее. [Юрий Давыдов. Синие тюльпаны (1988-1989)]	Полк старшинасы сарбаздардың жаңа қысқы киімдерін алу үшін оларды казарма жанындағы <b>цейхгаузға</b> алып келді.
<b>Юнга</b>	<b>der Junge</b>	Кемеде теңіз ісін үйреніп жүрген жас матрос, шәкірт / подросток на судне, обучающийся морскому делу и готовящийся стать матросом.	Зарабатывая на книги, два лета трудился <b>юнгой</b> . [Илья Стогов. Семен Якерсон: «В десятом классе что-то щелкнуло, и я захотел узнать про евреев» (20.07.2017)]	Жас <b>юнга</b> кемедегі алғашқы күндерінен-ақ теңіз ісінің қырсырын білуге тырысып, капитанның бұйрықтарын мүлтіксіз орындады.
<b>Юнкер</b>	<b>der Junker</b>	Ресей империясындағы әскери	Отец-юноша стоит, тоненький,	Әлгі Орал обылысында, Семейде

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕГІ НЕМІС ТІЛІНЕН ЕНГЕН СӨЗДЕРДІҢ ҚЫСҚАША ЖИЫНТЫҒЫ

		<p>училищелердің тәрбиеленушісі, кадет немесе Пруссиядағы ірі дворян-жер иеленуші / воспитанник военного училища в дореволюционной России, а также крупный дворянин-землевладелец в Пруссии.</p>	<p>красивый, почему-то еще в буденовке, восторженно вытянутый вверх, похожий на дореволюционный <b>юнкера</b>. [Эдуард Лимонов. У нас была Великая Эпоха (1987)]</p>	<p>ашылған <b>юнкер</b> «Алаш» школдері сол «большевиктер мен соғысамыз» деген «Алаш» жастарының өзі тіленген топтары болатын. [Сәкен Сейфуллин <i>Тар жол тайғақ кешу</i> // Көптомдық шығармалар жинағы /Сәкен Сейфуллин – Алматы: Қазығұрт» баспасы, 2012. Том 11. – 480 бет.]</p>
--	--	--	--	---

## ТЕХНИКАЛЫҚ АТАУЛАР

Кіріме сөз	Түпнұсқа	Түсіндірме	Орыс тілінде қолданылуы	Қазақ тілінде қолданылуы
Абцуг	<b>der Abzug</b>	Металлургияда (әсіресе күміс пен қорғасынды тазартуда) балқыма бетінде пайда болатын қалдық, көбік немесе техникалық процестегі өнімді айыру сәті / в металлургии: снятие гартблейного или свинцового шлака (пены) при очистке металлов, а также фаза технологического процесса.	Кажется, он сказал, что нужно было на первый <b>абцуг</b> положить червовую десятку. [Леонид Юзефович. Костюм Арлекина (2001)]	Балқыту пешіндегі қорғасынды тазарту кезінде жұмысшылар бетіндегі <b>абцугты</b> арнайы құралмен қырып алды.
Автобан	<b>die Autobahn</b>	Жоғары жылдамдыққа арналған жол / скоростная автомагистраль.	Не следует расслабляться из-за отсутствия полицейских на <b>автобанах</b> . [Федор Беркутов. Куда хочу, туда качу // «Туризм и образование», 2000.06.15]	<b>Автобан</b> ақылы болмақ 23 ақпан 2021 жыл Нұр-Қасым Жомарт Жол құрылысы дегенде, әдетте көзімізге көп қаржы елестейді. ( Нұр-Қасым Жомарт Автобан ақылы болмақ // <a href="https://zhasalash.kz">https://zhasalash.kz</a> , 19 қаңтар 2021)
Аккумулятор	<b>der Akkumulator</b>	Энергия жинақтайтын құрал / накопитель энергии.	<b>Аккумуляторы</b> , используемые в мобильных телефонах и ноутбуках, тут не годятся. [Александр Волков. Одеться	Радиостанция бастығы кемеден кетерінде радиорубканың, агрегат және <b>аккумулятор</b> бөлмелерінің кілттерін вахта

			с иглочки и без ниточки // «Знание -- сила», 2003]	бастығына тапсырады. [Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің бұйрығы №74]
Алтирациялау/ Алтирование	<b>das Alitieren</b>	Құрыш немесе шойын бұйымдардың бетін жоғары температураға төзімді ету үшін оны алюминиймен қаптау (диффузиялық қанықтыру) процесі / технологический процесс диффузионного насыщения поверхности стальных или чугунных деталей алюминием для повышения их жаростойкости.	Для этого разработали технологию <b>алитирования</b> — диффузионное насыщение поверхностного слоя алюминием. [С. Мубояджян. Плазма против пара: победа за явным преимуществом // «Наука и жизнь», 2007]	Зауыт техниктері газ турбинасының қалақшаларын күйіп кетуден қорғау үшін оларға <b>алитирациялау</b> әдісін қолданды.
Аллод	<b>das Allod</b>	Орта ғасырлардағы Батыс Еуропада ешқандай міндеткерліксіз, толық мұрагерлік құқықпен иеленетін еркін жер үлесі / в Западной Европе в эпоху Средневековья: свободная земельная собственность, находившаяся в полном	Это название их «отчины», родины, ибо «одадь», « <b>аллод</b> » был не только неотъемлемым наследственным владением семьи, но и «родиной». [А.Я. Гуревич. Категории средневековой культуры (1972)]	Орта ғасырлық заңдар бойынша, бұл құнарлы жер үлесі ешқандай салық салынбайтын әрі міндеткерлігі жоқ еркін <b>аллод</b> деп танылды.

		владении семьи и передаваемая по наследству без феодальных обязательств.		
<b>Анкер</b>	<b>der Anker</b>	Құрылыс құрастырылымды арын, машина бөлшектерін немесе іргетасты берік бекітуге арналған металл бұранда, зәкір тектес бекіткіш деталь / крепежная деталь в виде болга, стержня или якоря, предназначенная для прочного закрепления строительных конструкций, оборудования или элементов фундамента.	Деревянную доску, хорошо пропитанную олифой, утапливают в цементный раствор на полу и укрепляют <b>анкерами</b> . [Виктор Четвергов. Наш дом. Сам себе сантехник // Юный техник, 2010]	Құрылысшылар ауыр темір тіректерді іргетасқа мықтап бекіту үшін ұзындығы жарты метрлік берік <b>анкерді</b> қолданды.
<b>Аппаратура</b>	<b>die Apparatur</b>	Құрылғылар жиынтығы / совокупность приборов.	При этом последующие испытания <b>аппаратуры</b> показали хорошее соответствие модельных оценок и реальных характеристик. [А.Ю. Савинков. Синхронизация и верификация в имитационном моделировании // «Информационные технологии», 2004]	Киноактердің ойынын көпшілікке таныстыратын <b>аппаратура</b> оның барлық толымдылығын ың өнбойында бұл ойынды белгілеп алуға міндетті емес. [«XX ғасырдың мәдениет философиясы». Жиырма томдық. 17 – том. Алматы: Жазушы, 2008. – 503 б.]

<p><b>Аппретура</b></p>	<p><b>die Appretur</b></p>	<p>Матаға, былғарыға немесе қағазға жылтырлық, беріктік, су өткізбейтіндік қасиет беру үшін оларды арнайы заттармен өңдеу процесі немесе сол мақсатта қолданылатын қоспа / финишная отделка тканей, кожи или бумаги специальными веществами для придания им блеска, жесткости или водонепроницаемости, а также сам состав.</p>	<p>По превосходству краски и <b>аппретуры</b> особенно отличаются французские и английские фабрики. [Краткая энциклопедия скорняка. Глава 6 // Краткая энциклопедия скорняка, 1999]</p>	<p>Тоқыма фабрикасында матаның беріктігі мен суға төзімділігін арттыру үшін оның бетіне соңғы кезеңде <b>аппретура</b> жағылды.</p>
<p><b>Арретир</b></p>	<p><b>der Arretier(er)</b></p>	<p>Өлшеуіш аспаптардың қозғалмалы бөлігін сынудан қорғайтын бекіткіш тетік / приспособление для закрепления подвижных частей точных приборов.</p>	<p>Палец щелкает рычажком <b>арретира</b>, глаза фиксируют азимут — угол между магнитным меридианом и заданным направлением... [Александр Пеньков. Магнитный мой азимут // «Юность», 1976]</p>	<p>Аспапты көлікпен тасымалдау барысында сезімтал тілшесі сынып кетпеуі үшін зертханашы арнайы <b>арретирді</b> қосып қойды.</p>
<p><b>Асфальт</b></p>	<p><b>der Asphalt</b></p>	<p>Жол төсеуге қолданылатын шайырлы құрылыс материалы / смолистый строительный материал для покрытия дорог.</p>	<p>В свое время я на нем одолел 8 километров по <b>асфальту</b>, с парой остановок на пути. [Запись LiveJournal с комментариями (2004)]</p>	<p>Осы орайда мына бір жайттарға тоқтала кетсем деймін. 2006 жылдан бастап <b>асфальтқа</b> қатысты материалдардыз ерттеуден</p>

				өткіздік. [Абылайхан Жұмашев Жол – өмірдің өзегі // <a href="http://anatili.kazgazeta.kz">http://anatili.kazgazeta.kz</a> , 2018]
<b>Балансир</b>	<b>der Balancier</b>	Тепе-теңдікті сақтайтын немесе қозғалысты реттейтін аспап, иінді тетік / устройство или деталь для обеспечения равновесия и регулировки движения.	Иногда они переходят на галоп, напоминая этим кенгуру (!), используя так же хвост в роли <b>балансира</b> . [Василий Климов. Кошачьи лемуры, или катта // «Знание — сила», 2020]	Механик станок бөліктерінің бірқалыпты қозғалысын қамтамасыз ету үшін оның орталық <b>балансирін</b> мұқият реттеп шықты.
<b>Бастр</b>	<b>der Baster</b>	Қант қызылшасын өңдеудегі екінші сортты, тазартылмаған сарғыш қант немесе соның шәрбаты / низкосортный, нерафинированный желтоватый сахар-песок или сахарный сироп.	Купцы, пихая друг друга, загалдели, замахали руками, — на кой им ляд <b>бастр</b> и ладан. [Ю. П. Герман. Россия молодая. Часть первая (1952)]	Технолог өнімнің сапасын тексеру кезінде бірінші кезеңнен шыққан <b>бастрдың</b> түсі мен қоюлығын арнайы зертханада бақылады.
<b>Бильдаппарат</b>	<b>der Bildapparat</b>	Фототелеграфтың ескі атауы / устаревшее название фототелеграфа.	Если отослать с нарочным невозможно, прошу передать по <b>бильдаппарату</b> . [А. Р. Беляев. Чудесное око (1935)]	Тілші түсірген маңызды суреттерді баспаханаға шұғыл жеткізу үшін байланыс торабындағы арнайы <b>бильдаппарат</b> қолданылды.
<b>Блинт</b>	<b>der Blinddruck</b>	Кітап мұқабасына немесе былғарыға бояусыз, сиясыз	Анна: Кожа, ткани, коленкоры, ламинированные бумаги,	Шеберханада ескі кітаптың мұқабасын қалпына келтіру кезінде оның

		бедер салып басу әдісі / метод бескрасочного, слепого тиснения на книжных переплетах или коже.	тиснение – <b>блинт</b> /золото/се ребро, мраморирование обреза, кэшировка, «грибок», шитье новых и старых листов, возможна реставрация бумаги. [Форум: Реставрация книг. Переплетное дело (2010)]	жиектеріне әдемі <b>блинт</b> әдісімен өрнек салынды.
<b>Блокпост</b>	<b>der Blockposten</b>	Көлік немесе адамдар қозғалысын бақылауға арналған пункт / контрольный пункт на дороге или участке.	Через два дня был снят первый <b>блокпост</b> в Грозном. [Волеизвержение // «Еженедельный журнал», 2003.03.17]	Індеттің таралуының алдын алу мақсатында қалаларды қоршай 400-ден астам <b>блокпост</b> орнатылды. [Қымбат Тоқтамұрат Мемлекет қамқорлығы – ахуал тұрақтылығы // <a href="https://egemen.kz/">https://egemen.kz/</a> 19.07.2021]
<b>Бормашина</b>	<b>die Bohrmaschine</b>	Тіс емдеуде немесе техникалық өңдеуде бұрғылауға арналған айналмалы медициналық аспап / медицинский аппарат с вращающимся бором для сверления зубов или обработки материалов.	Он покупает обыкновенную зубо-врачебную <b>бормашину</b> , ставит ее к себе в кабинет и начинает высверливать череп. [Ю.О. Домбровский. Обезьяна приходит за своим черепом, часть 1 (1943-1958)]	Көрші заводтан сатып алған <b>бормашина</b> (темір тескіш) ол да тұр мұнда... [Мұхтар Әуезов. «Абай жолы» роман-эпопеясы. 1-кітабы 1942]

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕГІ НЕМІС ТІЛІНЕН ЕНГЕН СӨЗДЕРДІҢ ҚЫСҚАША ЖИЫНТЫҒЫ

<b>Бот</b>	<b>das Boot</b>	Шағын өлшемді ескекті, желкенді немесе қозғалтқышты кеме / Небольшое гребное, парусное или моторное судно.	Недалеко от берега виднеется небольшой рыбацкий <b>бот</b> .	Жағалауға жақын жерде балықшылар мінген кішкентай <b>бот</b> көрінеді.
<b>Брандмауэр</b>	<b>die Brandmauer</b>	Өрттің таралуынан қорғайтын отқа төзімді қабырға немесе желілік қауіпсіздікке арналған бағдарлама (файрвол) / противопожарная стена, а также программа для защиты компьютерных сетей.	Мелкий осенний дождичек брызгал на бурый <b>брандмауэр</b> . [Юрий Давыдов. Синие тюльпаны (1988-1989)]	Компьютердің қауіпсіздік жүйесін реттеу барысында маман зиянды бағдарламаларды блоктау үшін <b>брандмауэрді</b> қосып қойды.
<b>Бремсберг</b>	<b>der Bremsberg</b>	Шахтадағы жүкті өз салмағымен төмен түсіруге арналған көлбеу қазба / наклонная выработка в шахте для спуска грузов под действием собственного веса.	За перемычкой на уровне вентиляционного штрека и флангового <b>бремсберга</b> концентрация метана составляла 59 %. [Основы интенсивной и безопасной разработки метаноносных пластов угля (2003) // «Горная промышленность», 25.06.2003]	Тау-кен инженері жаңа учаскедегі көмірді тасымалдау үшін көлбеу <b>бремсбергтің</b> қауіпсіздік жүйесін тексерді.
<b>Бугель</b>	<b>der Bügel</b>	Бөлшектерді бекітуге немесе қозғалысты бағыттауға арналған доға, құрсау немесе	Выскочив к еле видимой в тумане нижней станции <b>бугеля</b> , я увидел, что пострадавшей	Электрлік көліктің төбесіндегі зақымдалған <b>бугель</b> уақытылы

		ілімек тәрізді металл тетік / металлическое кольцо, хомут или дуга для крепления деталей и направления движения.	уже оказывают помощь. [Ю. И. Визбор. Завтрак с видом на Эльбрус (1983)]	жөнделіп, сымдармен байланысы қайта қалпына келтірілді.
<b>Буксование</b>	<b>das buchsen</b>	Көлік дөңгелегінің немесе шынжыр табанының жол бетімен ілінісі нашарлап, алға жылжымай, орнында бос айналуы / вращение ведущих колес или гусениц транспортного средства, не приводящее к его движению из-за недостаточного сцепления с поверхностью.	Рассчитать время и путь разгона автомобиля на первой передаче при <b>буксовании</b> сцепления. [Б.М. Тверсков. Задачи по теории автомобиля (2010)]	Жаңбырдан кейінгі батпақ жолда жүк көлігінің <b>буксованиесі</b> (дөңгелектің бос айналуы) салдарынан машина лайға терең бата берді.
<b>Буна</b>	<b>die Buhne</b>	Су жағасын шайылудан қорғайтын және ағысты реттейтін қысқа бөгет, тоған / гидротехническое сооружение, короткая дамба для защиты берега от размыва.	Кстати, никогда не знаю, как правильно называется это сооружение — пирс, волнорез, <b>буна</b> ? [Маша Трауб. Не вся la vie (2008)]	Өзен арнасының бағытын өзгерту және жағалауды шайылудан сақтау үшін су бойына бірнеше <b>буна</b> тұрғызылды.
<b>Бюкс</b>	<b>die Büchse</b>	Зертханалық зерттеулерде заттарды кептіруге немесе өлшеуге арналған қақпақты кішкентай	Стеклянные воронки, <b>бюксы</b> , чашки Петри, мерные цилиндры и химические стаканы; аппарат	Тәжірибе барысында топырақ үлгісін кептіру шкафына салу үшін зертханашы арнайы

		шыны немесе металл ыдыс / лабораторный стаканчик с притертой крышкой для взвешивания и высушивания пробок.	Сокслета, колбы Вюрца, стеклянные холодильники Либиха, колбы круглодонные и для титрования, мерные пипетки, бюретки и другое стеклянное оборудование; [Основные направления развития естественнонаучной направленности дополнительного образования детей в Российской Федерации (2016)]	алюминий <b>бюксті</b> қолданды.
<b>Вальц</b>	<b>die Walze</b>	Материалдарды (металл, камыр, резеңке) жаншуға, тегістеуге немесе ұсақтауға арналған айналмалы білік, цилиндр / вращающийся вал, цилиндр для размятия, измельчения или прокатки материалов.	После обработкой <b>вальцами</b> перегородки необходимо снова отжечь. [Изготовление перегородчатой эмали (2003) // «Народное творчество», 18.08.2003]	Ұн тарту комбинатында астықты сапалы жармалау үшін станоктың негізгі жұмысшы <b>вальці</b> қолданылады.
